Aşağıda verilen metni okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

## Қазақты ғалам таныған күн

Он алтыншы желтоқсан. Бұл күні Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық Заң қабылданды. Ақ Жайықтан Алтайға, Атыраудан Алатауға дейінгі ұлан байтақ жерді алып жатқан миллиондаған қазақтың Отаны болды, яғни терезесі тең мемлекет болып танылды. Енді ол — Қазақстан Республикасы.

1991 жылдың 16 желтоқсанында болған бұл жаңалық ғаламға тез тарады. Бүкіл дүние жүзінің үлкенді-кішілі мемлекеттері қатарларына тағы бір үлкен елдің, іргелі халықтың қосылғанын, адамзат тарихындағы тағы бір беттің ашылғанын қуана қолдады. Түркия бас болып, іле-шала Канада, Бразилия, Үндістан, Румыния, Швеция, Норвегия, Египет, Израиль, Куба, сондай-ақ АҚШ пен Швейцария таныды.

*(Ж. Дәуренбеков)*